

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 936 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1323 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1323 Қаулысымен.

"2007 жылғы арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне заң қызметтерін сатып алуға 2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 63889335 (алпыс үш миллион сегіз жүз сексен тоғыз мың үш жүз отыз бес) теңге сомасында қ а р а ж а т б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі